

**ТОКИШКАДИРОВ БОТАБЕК БЕЙБИТБЕКОВИЧТИҢ**  
**«XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы**  
**дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау тақырыбын**  
**«Қазақстан тарихы» курсына оқыту әдістемесі»**  
**атты диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің**

**ІШКІРІ**

Қазіргі уақытта қазақ халқы ұлттық жаңғыруға бағыт ұстап, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып отырған шақта тарихымызды қайта ой елегінен өткізу арқылы жан-жақты зерттеу және еліміздің өзіндік төл тарихын зердеулеу негізгі мәселелер қатырында екені белгілі. Еліміздің тәуелсіздік алуы Отан тарихын қайта қарауға, терең, жан-жақты шындық тұрғысынан зерттеуге жол ашты. Бәрімізге белгілі кеңестік кезінде қазақ халқының тарихына, атап айтқанда аймақ тарихына үлкен мән берілмеді. Сондықтан XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау тақырыбын зерделеу және Қазақстан тарихы курсына оқыту қазіргі таңда өте маңызды. Шығыс Қазақстандағы қуғын-сүргінге ұшыраған шаруа қожалықтарын тәркілеу орны толмас халық басына түскен үлкен қасіретке әкелді. Оның тарихи салдары 1930-шы жылдардағы аштыққа әкеп соқтырды. Сондықтан аталған тарихи кезеңді шынайы зерттеу, тақырыптың өзектілігіне ешқандай күмән туғызбайды.

Осыған байланысты, диссертация тақырыбының өзектілігі қазақ халқының басынан өткен ауыртпалықтары мен қайшылыққа толы ауыр кезеңдерін зерттеу бүгінгі күн тәртібінде тұрғаны анық. Жұмыстың кіріспе бөлімінде докторант Кеңестік кезеңде жарық көрген еңбектерге объективті баға берген. Кейінгі тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген зерттеу еңбектері, өткенді теориялық тұрғыдан талдауда кеңінен пайдаланылды. Бүгінгі күн көзімен талданып, кезінде жүргізілген реформалар барысына кеңінен талдау жасалып, практикалық ұсыныстар айтылған.

Диссертацияның кіріспе бөлімі Шығыс Қазақстандағы шаруа қожалықтарына қатысты жүргізілген кеңестік саясатқа байланысты тарихи құжаттарды талдауға көңіл бөлген. Кейінгі тәуелсіздік кезеңде жарық көрген зерттеу еңбектерге көңіл бөлінген және теориялық тұрғыда талдауға тырысқан. Аталған мәселеге қатысты зерттеу еңбектерінің жетістіктеріне сүйеніп отырып, түпкілікті айналымға енген теориялық ой-пікірлері мен тұжырым, ұсыныстары, ғылыми концепциялары басшылыққа ала отырып зерттеуге автордың жіті көңіл бөлгендігін байқауға болады. Зерттеу жұмысының негізгі әдістемелік негізі жаңа көзқарас тұрғысынан саралауда сыни талдау мен зерделеу принциптері басты ұстанымда болған. Мұрағат материалдары мен статистикалық мәліметтер және қазақ зиялыларының билік басына жазған хаттары ғылыми жұмыстың методологиясы мен теориялық негізі болды.

Диссертацияның екінші бөлімінде Кеңес үкіметінің аграрлық саясатының дәстүрлі қазақ шаруашылығына әсеріне жан-жақты тоқталып,



«Кіші Қазан саясатының» өлкедегі шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына тигізген әсері тарихи деректер мен ғылыми зерттеулер негізінде талданады. 1920-1930 жж. жылдарындағы қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауына әкелген реформалардың сипатына тарихи талдау жасалған. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы және оның тарихи салдары, қуғын-сүргінге ұшыраған шаруа қожалықтарының тарихы шынайы тарихи тұрғыдан зерттеледі. Мұрағат құжаттарындағы мәліметтер негізінде, Қазақстанның ашаршылыққа ұшыраған губернияларынан Ақмола, Семей аймақтарына қоныс аударғандар туралы мәліметтер келтіріліп, 30-жылдарындағы ашаршылық зардаптарынан халықтың босқыншылыққа ұшырауы, Қазақстан территориясынан тыс жерлерге қоныс аударуы еңбекте жан-жақты талданады.

Диссертацияның үшінші бөлімінде ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ахуалын оқытудың өзектілігі мен әдіснамасына арналған. Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ахуалын оқытудың теориялық ұстанымдары мен дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау құбылысын оқытудың әдістемелік негіздері мен жолдары берілген.

Зерттеу жұмысының ғылыми тәжірибелік маңызы, зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін оқытуда және аграрлық мәселелерге байланысты арнайы курстарды жүргізу барысында пайдасы зор. Докторанттың қол жеткізген нәтижелерінің құндылығы ашаршылық зардаптарын оқытудағы әдістемелік ұсыныстарын маңызды деп есептеймін.

Диссертацияның негізгі мазмұны, нәтижелері ғылыми мақалалары халықаралық және республикалық ғылым басылымдарда жарияланған. Докторанттың ғылыми-зерттеу барысында қойған мақсат-міндеттеріне жеткен, оның зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық және практикалық маңызы бар.

Қорыта айтқанда, Токишқадиров Ботабек Бейбитбековичтің «ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау тақырыбын «Қазақстан тарихы» курсына оқыту әдістемесі» атты диссертациясы толық аяқталған жұмыс ретінде (PhD) докторлық ғылыми дәрежесін иеленуге лайық деп санаймын.

**Ғылыми жетекші**  
**«Семей қаласының Шәкәрім**  
**атындағы университеті» КеАҚ**  
**Тарих кафедрасының аға оқытушысы,**  
**тарих ғылымдарының докторы**



**Қ.Қ.Байсарина**

